

## Облыс орман-тоғайларын өрттен қорғауды күшейтудің қосымша шаралары туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімінің 1997 жылғы 17 сәуірдегі № 476 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1997 жылғы 05 мамырда № 8 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 247 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 20.12.2004 № 247 қаулысымен.**

Облыс әкімінің 1995 жылғы 8 желтоқсандағы № 88 "Облыс орман-тоғайларын қорғау туралы" шешімін орындау барысында облыста біршама жұмыстар атқарылғанымен орман-тоғайларды өрттен қорғау жағдайы қанағаттанғысыз. Әсіресе, көктемгі егістік науқаны кезінде өсімдік дүниесіне орны толmas залал келтірілуде. Шаруашылық басшыларының экологиялық жауапсыздығы мен немікүрайлылығынан жайылымдықтар, шабындықтар мен орман-тоғайлардың өртенуінежол берілуде. 1996 жылды мемлекеттік орман қорында 8 орман өрті тіркеліп, 70 га жер өртке шалынып, 54,5 мың теңге шығын келтірілді. Өрттің шығуна кінәлі 4 адам анықталып, онық 3 істері тергеу орындарына берілді. Шаруашылықтарға ұзақ мерзімге бекітілген мемлекеттік орман қорындағы тоғайлардың өртке шалыну фактілерін жылдан-жылға көбеюде . Қармақшы ауданының III Интенционал шаруашылығында үлкен көлемде орман өртеліп, жарты миллион теңгеге залал келтірілді.

Осындай жағдайлар Шиелі ауданының Қарғалы, Сырдария аудандарының Тартоғай, Айдарлы шаруашылықтарында, машина-сынау станциясы, Қазалы ауданының шаруашылықтарында орын алды.

Облыс орман-тоғайларын өрттен қорғауды күшейту мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдеріне, облыстық орман шаруашылығы бірлестігіне, облыстық экология және биоресурстар басқармасына, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, облыстық су ресурстары жөніндегі комитетіне, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитетіне, облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасына, облыстық ішкі істер басқармасына облыс орман-тоғайларын өрттен қорғаудың қосымша шараларын әзірлеп, оны іске асыру тапсырылсын.

2. Аудан әкімдеріне ауданда орман-тогайларды өрттен қорғау жөнінде арнаійы жедел топ құрып, оны қажетті өртке қарсы күрес техникамен және басқа да құралдарымен жабдықталуын қамтамасыз ету, жедел топқа меншік нысанасына қарамастан аудандағы барлық шаруашылық жүргізу什і субъектілерін техникасын, тасымалдау көліктерін, басқа да материалды-техникалық ресурстарын тарту міндеттелсін.

3. Аудан әкімдері тиісті мекемелермен бірлесе орман-тогайларды өрттен қорғауда шаруашылық басшылары мен ауыл әкімдерінен жауапкершіліктер қатаң сұралып, өрттен қорғау шараларының мұлтіксіз орындалуы қатаң бақылауға алсын.

4. Осы шешімнің орындалу барысы жөнінде әр он құн сайын мәлімен облыстық орман бірлестігіне, облыстық экология және биоресурстар басқармасына тапсырылсын.

*Облыс әкімінің*

*міндеттін атқарушы*

*C. Нұргисаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК